



**Мектеп басшыларына**

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімінің іс-шаралар жоспарына сәйкес 2026 жылдың 20 ақпан күні география пәні мұғалімдеріне арналған «Ең үздік сабақ» байқауы өтетінін хабарлайды.

Осыған орай, ережеге сәйкес қатысатын пән мұғалімдерінің сұранысы, байқау материалымен бірге *азымдағы жылдың 13 ақпанына дейін* аудандық білім бөліміне өткізулеріңізді сұрайды.

**Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімінің басшысының м.а**



**Б.Самылтыров**

*Орындаған: Г.Жамалбекова*

87021731498



**География пәні мұғалімдеріне арналған «Ең үздік сабақ» атты аудандық байқауын ұйымдастыру және өткізу Ережесі**

**1. Жалпы ережелер**

- 1.1. Аудандық білім бөлімінің әдістемелік кабинеті байқауды ұйымдастырады.
- 1.2. Ұйымдастырушылар:
- Байқаудың ұйымдастыру және сараптау комиссияларын тағайындайды;
  - Байқауға ұсынылған құжаттармен, сараптамалық парақтар мен бағалау жұмыстарын жүргізу бойынша алдын-ала түсінік жұмыстарын жүргізеді;
  - Байқаудың қорытындыларын рәсімдейді;
  - Байқаудың қорытындыларын қатысушыларға, жалпы педагогикалық көпшілікке жариялайды.

**2. Байқаудың мақсаттары мен міндеттері**

2.1. Байқаудың мақсаты – география сабағында заманауи цифрлық технологияларды тиімді қолдану арқылы оқу мақсаттарына қол жеткізуі, бағалау жүйесі, педагогтердің цифрлық құзыреттілігін арттыру, заманауи білім беру технологияларын тиімді пайдалану және тәжірибесін тарату. Үлгілі әдістемелік сабақ үлгілерін жариялау және тарату, мұғалімдердің кәсіби деңгейінің өсуі мен әдістемелік шеберліктерін қалыптастыру.

2.2. Байқаудың негізгі міндеттері:

- География пәнін оқытуда заманауи педагогикалық тәсілдер мен цифрлық білім беру ресурстарын тиімді қолданған үздік сабақтарды анықтау;
- География пәні бойынша инновациялық сабақ үлгілерін жинақтау және педагогтер арасында тәжірибе алмасуды ұйымдастыру;
- Мұғалімдердің жасанды интеллект құралдарын оқу үдерісінде орынды, педагогикалық және этикалық тұрғыда қолдану дағдыларын дамыту;
- География пәнін оқытуда заманауи педагогикалық тәсілдер мен цифрлық білім беру ресурстарын тиімді қолдануды ынталандыру.
- Оқу мақсаттарына сай бағалау жүйесін қолдануын анықтау;
- Оқытудың жаңа тәсілдерін қолдану бағытында педагогтардың кәсіби шеберліктерін бағалау.

### **3. Байқаудың өткізу кезендері**

**3.1.** Аудандық кезеңі - 2026 жыл 20 ақпан;

Байқауға мектептерден 1 мұғалімнің жұмысы қатыстырылады.

**3.2.** Сұраныстар мен байқау жұмыстары (сұраныс, үздік сабақ жоспары, сабақ таныстырылымы, видеокөрсетілімі (флэшкаға) қағаз және электронды түрде 2026 жылдың 13 ақпанына дейін аудандық білім бөліміне жіберілуі тиіс. I, II тоқсандағы сабақтар жарамайды.

**3.3** Байқау жұмыстары төмендегідей бағаланады:

- Байқау жұмысының мазмұны байқаудың бағыттарына сәйкестігі;
- Оқу мақсаттарына сай бағалау жүйесін қолдануын анықтау;
- Оқытудың жаңа тәсілдерін қолдану бағытында педагогтардың кәсіби шеберліктерін бағалау;
- бағдарламаның міндеттеріне сәйкес оқыту материалының ашылу әдіс-тәсілдері;
- ресурстарды пайдаланудың сапасы; білім беру платформаларын пайдалануы
- бағдарлама мазмұнының мемлекеттік стандартқа сәйкес болуы;
- рәсімделуі, безендірілуі;
- цифрлық ресурстарды орынды және тиімді қолдану;
- ЖИ қолданудың педагогикалық және этикалық негізділігі;
- сабақтың инновациялық және шығармашылық сипаты.

### **4. Байқауға ұсынылатын жұмыстардың талаптары**

**4.1.** Байқауға ұсынылатын материалдар:

- жұмыс мәтіні компьютерде басылып мынадай құрылымнан тұруы тиіс:
  - титул парағы;
  - мазмұны (14 шрифт, Times New Roman).
- титул парағында мыналар көрсетіледі:
  - жұмыс орындалған ұйымның толық атауы, қаласы, мектебі;
  - мұғалімнің тегі, аты-жөні;
  - сабақтың атауы
  - сыныбы
- сабақ жоспары қағаз түрінде, таныстырылым
- Сабақтың видео көрсетілімі (12-15 минут)

## 5. Жеңімпаздарды марапаттау тәртібі

5.1. Жеңімпаздар қазылар алқасының шешімімен жоғарыда қойылған талаптарға сәйкес анықталады.

5.2. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежелі дипломдар және алғыс хаттармен марапатталады.

### Байқауға қатысуға сұраныс

Байқауға ұсынылатын материалдар туралы мәлімет	
1.	Пән атауы (білім саласы)
2.	Сабактардың тақырыбы
3.	Сыныбы
4.	Өткізу тілі
Қатысушы туралы мәлімет	
5.	Тегі
6.	Аты
7.	Әкесінің аты
8.	Білімі
9.	Ғылыми атағы, дәрежесі
10.	Біліктілік санаты
11.	Педагогикалық өтілі
12.	Жұмыс орны
13.	Лауазымы
14.	Мекен-жайы
15.	Байланыс телефоны
16.	Электрондық поштасы

Сұраныс мектеп басшысының қолы мен мөрімен расталуы тиіс.